

Munaily meken

№01-02
Қаңтар-ақпан
2019 жыл

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы



Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2019 жыл Жастар жылы деп жарияланды. Ал жастар – еліміздің ең белсенді мүшелері, қоғамның қозғаушы күші. Сол себепті, елімізде жастардың барлық санатын қолдау бағытында кешенді шаралар жүргізілмек. «ҚазМұнайГаз» холдингі компанияларында жұмыс істеп жүрген білікті,

білімді және бәсекеге қабілетті жас мамандар баршылық. Ұлттық компания олардың кәсіби шыңдалуына, ынтымақтастығы мен бірлігін нығайтуға барынша жағдай жасап келеді. Жастар да тың жобаларды іске асырып, заманауи технологияларды өндіріске енгізіп, компанияның дамуына өз үлестерін қосуда. «Munaily meken» газеті жыл бойына

компанияның ең белсенді, табысты жас мамандары туралы мақалалар жариялап тұрады. Газеттің осы санында «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының белсенді жастары жөнінде материалдар топтамасын 6-7 беттерден оқи аласыздар.

6-7»

Құрметті әріптестер!

Бүгін Сіздердің қолдарыңызға тиіп отырған «Munaily meken» газеті бұдан былай «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының корпоративтік басылымы екенін қаперлеріңізге бергіміз келеді.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылы шілде айында болған интеграциялық процестер аясында газетті «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті шығара бастады. 2005-2018 жылдар аралығында газет «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ меншігінде болған. Міне, енді 2019 жылдан бастап газеттің меншік иесі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ.

Жаңа форматтағы басылым «ҚазМұнайГаз» тобында ішкі коммуникацияны нығайтып, кері байланыс орнатуға, әр компания тынысын қамтуға мүмкіндік береді. Компания басшылығы мен өңірлердегі өндірістік кәсіпорындардағы қарапайым еңбеккерлері арасындағы алтын көпірдің қызметін атқаратын болады.

«Munaily meken» корпоративтік газетінің мазмұны шалғайдағы кен орындарының да ұжымдарына жетіп, оқырманның оң назарына ие болады, мұнайгаз саласы мамандарының қызығушылықтарын туғызады, «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобының алдында тұрған маңызы зор міндеттердің ойдағыдай атқарылуына ықпалын тигізеді деп сенемін.

Жаңа форматтағы корпоративтік басылымның алғашқы нөмірінің жарыққа шығуымен баршаңызды құттықтаймын. Газеттің ақпарат кеңістігіндегі алатын орны айрықша болсын!

Алик АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма Төрағасы

Уважаемые коллеги!

Сегодня вы держите в руках первый номер газеты «Munaily meken» в 2019 году. Теперь это корпоративное издание Национальной компании «КазМунайГаз».

Как вам известно, в 2005-2018 годы газета принадлежала АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз». В рамках интеграционных процессов с июля прошлого года выпуском газеты занимается Департамент по связям с общественностью АО НК «КазМунайГаз», а начиная с 2019 года Национальная компания официально стала собственником издания.

Мы надеемся, что новый формат газеты позволит укрепить внутренние коммуникации в группе компаний «КазМунайГаз», наладит обратную связь, проложит своеобразный мост между головной компанией и работниками производственных предприятий в регионах нашего присутствия.

Мы сделаем все возможное, чтобы нашу корпоративную газету «Munaily meken» читали даже на самых удаленных месторождениях. Мы уверены, новый формат газеты привлечет внимание читателей, вызовет интерес у специалистов нефтегазовой сферы и будет способствовать решению задач, стоящих сегодня перед группой компаний «КазМунайГаз». Со своей стороны приглашаем всех сотрудников к общению и рассказывать о своих новостях, которыми вы хотели бы поделиться со всеми.

Поздравляю вас со знаменательным событием – выходом в свет первого номера корпоративной газеты! Пусть газета займет достойное место в информационном пространстве. Приятного вам чтения!

Алик АЙДАРБАЕВ,
председатель Правления
АО НК «КазМунайГаз»

Тағайындаулар

**МАРАБАЕВ
Жақып
Нәсіпқалиұлы**

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

Заместитель председателя Правления по производству.

**ЕСҚАЗИЕВ
Құрманғазы
Орынғазыұлы**

Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары.

Заместитель председателя Правления по геологии и разведке.

**ТИЕСОВ
Данияр
Сүйіншілікұлы**

Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары.

Заместитель председателя Правления по переработке и маркетингу нефти.

**БЕРЛІБАЕВ
Данияр
Әмірбайұлы**

Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы жөніндегі орынбасары.

Заместитель председателя Правления по транспортировке нефти, международным проектам и строительству газопровода «Сарыарқа».

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді

2019 жылдың 6 ақпанында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжіліс барысында Компанияның ұйымдық құрылымын өзгертіп, төменде көрсетілген негізгі бизнес-бағыттарды басқару процестерінің ара-жігін ажырату туралы шешім қабылданды:

- геология және барлау бойынша,
- өндіріс бойынша,
- мұнайды қайта өңдеу және маркетингі бойынша,
- мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар, «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы бойынша.

Жаңа құрылымға сәйкес басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервисі жөніндегі орынбасары қызметі қысқартылып, оның орнына басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары мен басқарма төрағасының барлау және геология жөніндегі орынбасары лауазымдары

енгізілді. Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары қызметінің орнына басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары және басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбыры құрылысы жөніндегі орынбасары қызметтері енгізілді. Бұдан басқа, «Маңғыстаумұнайгаз» және «Өзенмұнайгаз» жөніндегі басқарушы директор лауазымы қысқартылды.

Жаңа ұйымдық құрылым «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да өндірістің және корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға, өзекті шешімдердің жедел қабылдануын қамтамасыз етуге және Компанияның орталық кеңсесі мен еншілес тәуелді ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға тиіс.

Компания бұл өзгерістер еңбекақы төлеу қорына қосымша қаржылай шығын келтірмейтінін атап көрсетеді. **MI**

Утверждена новая организационная структура АО НК «КазМунайГаз»

6 февраля 2019 года состоялось заседание Совета директоров АО НК «КазМунайГаз». В ходе заседания было принято решение изменить организационную структуру Компании и разграничить процессы управления на ключевые бизнес-направления:

- по геологии и разведке,
- по производству,
- по переработке и маркетингу нефти,
- по транспортировке нефти, международным проектам и строительству газопровода «Сарыарқа».

В новой структуре упразднена должность заместителя председателя правления по разведке, добыче и нефтесервису вместо которой введены должности - заместитель председателя правления по производству и заместитель председателя правления по геологии и разведке. Вместо должности заместителя председателя правления по транспортировке, переработке и маркетингу

нефти введены должности заместитель председателя правления по переработке и маркетингу нефти и заместитель председателя правления по транспортировке нефти, международным проектам и строительству газопровода «Сарыарқа». Кроме того, упразднена должность управляющего директора по «Мангистаумунайгаз» и «Озенмунайгаз».

Кураторами за развитие ключевых бизнес-направлений назначены профессионалы в соответствующих сферах.

Новая организационная структура должна повысить эффективность производства и корпоративного управления АО НК «КазМунайГаз», обеспечить оперативность принятия актуальных решений и улучшить взаимодействие между центральным офисом Компании и дочерними зависимыми организациями.

Компания отмечает, что указанные изменения не несут дополнительной финансовой нагрузки на фонд оплаты труда. **MI**

**ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу жөніндегі бағдарламаның соңғы қорытындысы**

Бағдарлама
2018 жылдың 10-ы тамыз бен
2019 жылдың 31-і қаңтар
аралығында жүзеге асты



Қорытынды бойынша
1 239 087
артықшылықты акция данасына
12 800 теңгеден сатып алынды



Сатып алудың
жиынтықты сомасы —
15 860 313 600 теңге

«ҚазМұнайГаз» қондырғысын «SOCAR» пайдаланады

16 ақпан күні Астанада «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Әзірбайжанның Socar мемлекеттік мұнай-газ компаниясының президенті Ровнаг Абдуллаевпен кездесті. Кездесу барысында екі тараптың еншілес компаниялары – «KMG Drilling & Services» ЖШС бас директоры А.Шоқыптов пен «Caspian Drilling Company Ltd» бас директоры Ф.Ахундов өзі көтерілетін қалқымалы бұрғылау қондырғысын сенімді басқару шартына қол қойды.



Шарттың негізгі мақсаты әзірбайжандық тарап іске асырып жатқан жобаларда қондырғыны пайдалану. Нақтырақ айтқанда, осы қондырғыны пайдалану арқылы «British Petroleum» компаниясы Абшерон құрылымын игеріп жатыр. Сондай-ақ ынтымақтастық аясында қондырғыны жаңғырту жұмыстары

көзделген. Бұл тереңдігі 6000 метрден асатын барлау ұңғымаларын қауіпсіз және тиімді бұрғылауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, қазақстандық мамандар қондырғыны Каспий теңізінің әзірбайжандық секторында пайдалану барысында бұрғылау жұмыстарына

қатысады және техникалық қолдау көрсететін болады.

Екі компанияның ынтымақтастығы теңізде бұрғылау тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік берумен қатар, Каспий теңізінде бұрғылау қызметтерін көрсету нарығында

қондырғының бәсекеге қабілеттілігін арттыра түседі.

ҚМГ ҰК басқарма төрағасы Алик Айдарбаев өз сөзінде екі компания арасындағы ынтымақтастықты жалғастыру қажеттілігін және Каспийдегі геологиялық барлау саласындағы жобаларды жан-жақты қарастыруға дайын екендігін атап өтті.

Бұған дейін 26 қаңтар күні Баку қаласында Алик Айдарбаев пен Ровнаг Абдуллаев ҚМГ ҰК мен SOCAR арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойған болатын. Аталған құжат компаниялар арасындағы, соның ішінде Каспийде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу саласындағы, атап айтқанда көмірсутек шикізатын барлау бойынша геологиялық-геофизикалық материалдарды бірлесіп зерттеу, сондай-ақ мұнай және мұнай өнімдерінің логистикасы, трейдингі саласындағы ынтымақтастықтың үлкен мүмкіндіктерін көздейді. Меморандумда қондырғыны Каспий теңізінің әзірбайжандық акваториясындағы жобаларда бұрғылау жұмыстары үшін бірлесіп пайдалану көзделген. **М**

Бірінші кезекте – қауіпсіздік мәселесі



2024 жылға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша 10 кен алаңын цифрлы жүйеге көшіру жоспарланып отыр. Бұл туралы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаевтың «Ембімұнайгаз» компаниясының басшылық құрамымен кездескенінде белгілі болды.

Галия Қаражанова

Жақып Нәсіпқалиұлы 2019 жылдың 11 ақпанынан бастап жаңа лауазымға тағайындалған болатын. Осыған орай, оның Ембіге сапары барысындағы кездесу Компанияның қызметі мен өткен жылғы көрсеткіштерімен танысуға негізделді.

Кездесу барысында «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма төрағасы Әнуар Жақыпбаев 2018 жылдың өндірістік қорытындылары туралы есеп беріп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

– Өткен жылдың басында акционер емблік кен алаңдарындағы өндіру жоспарын бекітіп, жыл ішінде 2 млн. 895 мың тонна мұнай өндіруді міндеттеді. Бұл өткен кезеңдердегі жылдық көрсеткіш деңгейінен 55 мың тоннаға артық. Бұл – біз үшін үлкен сынақ болды. Өйткені, Ембі кен алаңдарының басым бөлігі ұзақ жылдар бойы игеріліп, пайдаланудың соңғы сатысында тұрғаны белгілі. Соған қарамастан, Ембінің ұйымшыл ұжымы алға қойылған міндетті ойдағыдай орындады. Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша 2 млн. 895 мың 332 тонна мұнай өндірілді.

Мұнай өндіру көрсеткіштерінің тұрақты сақталуында ұңғымалардың өнімділігін және қабаттардың мұнай беруін арттыруға бағытталған ұйымдастыру-техникалық, геологиялық-техникалық жұмыстардың қалыпты орындалуының орны зор, – деп атап өтті басқарма төрағасы.

Жиын барысында Жақып Марабаев техника қауіпсіздігі саласына баса мән беріп, сала бойынша атқарылып жатқан мәселелерге кеңірек тоқталды.

– Біздің басты құндылығымыз – жұмысшылар. Сондықтан, олардың қауіпсіздігі, еңбек жағдайы алдыңғы кезекте тұруы керек. Әр маман – өз ісінің кәсіби шебері болуы маңызды. Сондықтан, олардың саулығына, жұмысына кері әсер ететін бірде-бір жағдай орын алмауы тиіс. Мұны басшылық та жіті қадағалауға міндетті, – деді Бас компания басшысының өндіріс жөніндегі орынбасары Ж.Марабаев.

Өткен жылы өлім мен апаттық жағдайлар бойынша Компания барлық қызметкерінің біріккен және жүйелі еңбегінің арқасында нөлдік көрсеткішке қол жеткізді. Дегенмен, жұмыс

орындарында жеңіл және ауыр жарақат алудың төрт оқиғасы орын алған.

– Барлық жағдайларға байланысты саралау жұмыстары жүргізілді, тиісті шаралар қабылданды. Кен орындарының қауіпсіздік техникасы кластарында жұмысшыларға қосымша оқу ұйымдастырылып, өндірістегі қауіпсіздік бойынша бейне-роликетер көрсетіліп жатыр. Қауіпсіздік бойынша 14 корпоративтік-нормативтік құжаттар жасақталып, бекітілді, – деді ЕМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Илияс Сарыбеков.

Кездесу барысында Компанияда соңғы жылдарда қолға алынып жатқан жаңа технологиялар өнім

көрсеткішіне айтарлықтай әсер етіп отырғаны айтылды.

– Бүгінгі таңда біздің мақсатымыз – Ембі өңірін заманауи әдістермен, озық технологиямен толықтай қамту. Ембімұнайгаздың отандық мұнай өнеркәсібіндегі көшбасшылық ұстанымдары және жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру бағытындағы міндеттеме компанияның өндірістік үдерістерді одан әрі цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарымен дәлелденуде. 2016 жылы Уаз кен алаңына пилоттық режимде енгізілген «Цифрлы кен алаң» жобасы өз тиімділігін көрсетті. 2017 жылы аталған жоба «Прорва» кен алаңдары тобына, ал 2018 жылы «Жаңаталап» кен алаңына таратылды. Жалпы, 2024 жылға дейін компания бойынша 10 кен алаңын цифрлы жүйеге көшіру жоспарланып отыр, – деді ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы.

Бұдан әрі Компания басшысы геологиялық барлау жұмыстарының әрбір өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің өндірістік, күрделі құрылыс, технологиялық үдерістерді автоматтандыру, жаңа жобалар мен технологияларды енгізу, тағы басқа көрсеткіштеріне тоқталып, ЕМГ өндірістік блогы мен әр басқарманың біріккен жұмысын ерекше атап өтті.

– Бүгінгі таңда Компания өндірістік шығындарды оңтайландыруды басты назарда ұстап отыр. Бұл орайда, өндіріс алаңдарында жүрген барлық транспорттық жұмыстарына бақылау орнатылуда. Ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадаларына бейнебақылау жүйесі

енгізілді. Аталған жүйе түсіру-көтеру операцияларын жедел бақылауға және ұңғымаларда жүргізілген жұмыстарға, сондай-ақ жұмыссыз бос тұру уақыттарына талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Жақып Нәсіпқалиұлына қазіргі таңда Ембіде жүргізіліп жатқан барлау бұрғылау жұмыстары, Компанияның геологиялық барлау бағытындағы жоспарлары туралы да айтылды. Бұған қоса, Компания бойынша әр қызмет бағытының жұмыс қорытындылары қаралып, анықталған проблемаларды шешу жолдары сараланды. Ж.Марабаев мұнай мен газ өндірудің жоспарлы көрсеткіштеріне жетуге, өндірістік қызметтің ұйымдастырылуы мен үйлестірілуінің тиімділігін арттыруға қатысты жетекшілік ететін басшыларға нақты тапсырмалар берді.

«
Біздің басты құндылығымыз – жұмысшылар. Сондықтан, олардың қауіпсіздігі, еңбек жағдайы алдыңғы кезекте тұруы керек.

Сондай-ақ ол Ембіге сапары барысында бас кеңседегі Өндірістік процесті бақылау орталығында өндіріс барысымен, Компанияның «Интеллектуалды кен алаңы» тұжырымдамасымен танысты. Айта кетсек, Тұжырымдама енгізілгеннен кейін электр қуатын пайдалану 30%-ға азайып, ұңғымаларды жөндеуаралық мерзімі айтарлықтай қысқарып, олардың тәуліктік өнім өндіру көрсеткішіне есеп жүргізуге мүмкіндік туды.

Өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат Нысанбаев аталған орталықтың онлайн-режим жүйесі арқылы өндірісті қашықтықтан басқару мүмкіндігі бар екенін, барлық ақпарат жедел түсіп тұратынын, соның негізінде шешімдер қабылданатынын жеткізді. Нақты айтсақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-нің технологиялық үдерістерін басқару автоматтандырылған жүйесі, ЕМГ-нің барлық кен орындарындағы әр ұңғыманың мәліметтері, жөндеу бригадалары мен көлік мониторингін бақылау жүйесі туралы мол мағлұмат берілді.

– Өндірісті автоматтандыру, сол арқылы жұмысшыларға қауіпсіз жағдай туғызу, олардың жұмысын жеңілдету бағытында ауқымды жұмыстар жасалды. Атап өтетін басты жайт, бұл жоба – компанияның IT саласы мамандары мен өндіріс, қаржы салалары қызметкерлерінің бірлескен жұмысының жемісі, – деп ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Нәсіпқалиұлы емблік мамандар жұмысына оң бағасын берді. **М**

Эффективный заслон от кибератак

Завершена фаза 1 «Концептуальное проектирование» по проекту Программы трансформации «Внедрение системы управления информационной безопасностью в группе компаний АО НК «КазМунайГаз».

В периметре проекта корпоративный центр КМГ и дочерние организации. Внедрение системы управления информационной безопасностью (СУИБ) повысит эффективность расходов на обеспечение информационной безопасности. Кроме того, работы по проекту направлены на снижение риска кибератак для обеспечения непрерывности деятельности критически важных объектов информационно-коммуникационной инфраструктуры, минимизацию несанкционированного доступа к ресурсам и данным группы компаний КМГ.

По итогам проекта в нацкомпании будут запущены две автоматизированные системы: мониторинга и анализа событий информационной безопасности, мониторинга и обеспечения информационной безопасности критических автоматизированных производственных систем.

В рамках фазы «Концептуальное проектирование» актуализирована целевая модель бизнес-процессов в области информационной безопасности, подготовлен План мероприятий по изменению бизнеса, описан дизайн средства автоматизации. Важнейшим результатом завершившейся стадии является разработка проекта Концепции Оперативного центра информационной безопасности (ОЦИБ) АО НК «КазМунайГаз» – самостоятельного структурного подразделения для осуществления профильных функций с высокой эффективностью и в соответствии с современными требованиями.

Таким образом, завершена методологическая часть проекта. В текущем году в ходе следующей фазы - «Реализация» предстоит провести закупочные процедуры и заключить договор по внедрению системы мониторинга и анализа событий информационной безопасности (SIEM). Намечены доработка концепции ОЦИБ в соответствии с рекомендациями АО «Самрук-Казына», приведение в соответствие внутренних нормативных документов корпоративного центра к целевым неавтоматизируемым процессам. Кроме того, в рамках фазы 2 SIEM будет настроена и доработана, а решение протестировано. Запланирована подготовка



к обучению ключевых пользователей.

В следующем году, по окончании работ в головной компании, внедрение обновленных

процессов и автоматизация начнутся в ДЗО. Завершение проекта намечено на середину 2021 года. **MI**



Управление рисками: ОТ МЕТОДОЛОГИИ К ПРАКТИКЕ

Повышение операционной эффективности процессов, рейтинга корпоративного управления и привлекательности компании для инвесторов – таковы цели завершившегося недавно проекта Программы трансформации АО НК «КазМунайГаз» – «Внедрение новой модели управления рисками: совершенствование системы внутреннего контроля и внедрение системы управления непрерывностью деятельности», об итогах которого мы беседуем с директором департамента управления рисками КМГ Талгатом ТУРСУМБЕКОВЫМ.

– *Расскажите о предпосылках, целях и задачах проекта.*

– В начале 2016 года Фонд «Самрук-Казына» утвердил Референсную модель по управлению рисками для портфельных компаний. Данная рефмодель предполагает наличие трех обязательных и взаимосвязанных систем – управления рисками (СУР), внутреннего контроля (СВК) и управления/обеспечения непрерывности деятельности (СУНД). Внедрение такого подхода основано на требованиях кодекса корпоративного управления, рекомендациях международных стандартов, а также лучших практиках в области корпоративного управления, риск-менеджмента и внутреннего аудита. Наличие указанных систем позволит получить компании, помимо всего прочего, кредит доверия со стороны инвесторов и может стать преимуществом при выводе КМГ на IPO. Кроме того, есть требование по повышению рейтинга корпоративного управления нацкомпании по компоненту «Управление рисками, внутренний контроль и аудит» в рамках трансформации и стратегии развития компании.

Таким образом, задачей нашего проекта было внедрение в корпоративном центре АО НК «КазМунайГаз» целевой модели управления рисками, включающей названные выше системы, в дополнение к существующей СУР.

– *Завершенный проект был больше направлен на совершенствование методологии. Какие документы разработаны проектной*

командой для последующей передачи в практическое пользование «рисковикам» группы КМГ?

– В ходе проекта подготовлены основные методологические документы – политики СВК и СУНД. Это документы верхнего уровня, где отражены направления и намерения развития, цели, компоненты, принципы и приоритеты деятельности КМГ в области СВК и СУНД. Также разработаны Регламент СВК и Правила организации процесса управления непрерывностью деятельности. В них отражено, как будет функционировать процесс СВК и СУНД в КМГ. Определены ответственность и полномочия, организационная структура, порядок разработки и актуализации необходимых документов, порядок мониторинга и совершенствования, а также критерии результативности и зрелости СВК и СУНД.

Кроме разработки документации, проектной командой проведен анализ воздействия на бизнес по 6 дочерним зависимым организациям (ДЗО) КМГ. Исследование позволило выявить – остановка каких бизнес-процессов особенно критична для компании. На основе результатов анализа для КМГ предстоит подготовить комплексный План обеспечения непрерывности деятельности. Документ создаст основу для повышения устойчивости и способности эффективно реагировать на возможные перерывы в деятельности. Тем самым будет обеспечена защита интересов ключевых заинтересованных сторон, репутации, бренда и продуктивной операционной деятельности компании.

Материалы исследования нами переданы в ДЗО, также для дальнейшего согласования и утверждения направлены 2 проекта Планов обеспечения непрерывности деятельности.

Кроме того, были разработаны матрицы рисков и контролей по целевым бизнес-процессам: Бухгалтерский учет, Налоговый учет, Управленческий учет, Казначейство и корпоративное финансирование, Управление ТООИР, Управление проектами, Управление обеспечением ТРУ.

– *При внедрении любых изменений в бизнесе требуется подготовка профильных специалистов к работе в новых условиях. В этой связи, были ли включены в план реализации проекта обучающие мероприятия?*

– Безусловно, было предусмотрено обучение как «внутренних тренеров» – ключевых сотрудников КМГ, так и ответственных за управление рисками в ДЗО. Проведены полноценные двухдневные семинары с тестированием по полученным знаниям – от основ и предпосылок внедрения СВК и СУНД до практических заданий с использованием новых методологических документов. Всего обучение охватило более 50 работников из 30 ДЗО. На этом останавливаться мы не собираемся. В 2019 году обучающие мероприятия продолжатся.

– *В целом, какие ключевые выгоды для компании принесет внедрение новой модели управления рисками?*

– Как мы уже говорили, в первую очередь, это более полное соответствие требованиям

кодекса корпоративного управления, положительное влияние на рейтинг корпоративного управления КМГ, повышение привлекательности компании для инвесторов, в том числе в рамках IPO, и соответствие ожиданиям заинтересованных сторон, а также соответствие Референсной модели АО «Самрук-Казына».

Но есть и ряд конкретных практических выгод. В частности, будет обеспечено своевременное предотвращение процессных рисков посредством внедрения контроль-

“
Повышение прозрачности бизнес-процессов позволит выявить и предотвратить риски мошенничества

“
ных процедур. Повышение прозрачности бизнес-процессов позволит выявить и предотвратить риски мошенничества. Будут устранены области операционной неэффективности. Повысится управляемость и контролируемость ключевых бизнес-процессов, степень достоверности финансовой отчетности, необходимые для принятия решений, планирования и контроля достижения целей КМГ и разумной гарантии надежности ее формирования. Наконец, за счет вовлечения в процесс управления рисками повысится уровень риск-культуры работников компании. **MI**

«Қаламқас» кен орны қалай ашылды?

Биыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ға қарасты «Қаламқас» кен орнын ашылғанына 40 жыл толды. Қаламқас батырдың есімімен аталатын кен орын құрылымы 1974 жылы белгілі болды. Іздестіру-барлау жұмыстары 1976 жылы басталды. Қаламқастың ресми жылнамасы 1979 жылдың 23 тамызынан бастау алады. Осы күні Қаламқас кен орнының №66 ұңғысынан алғашқы мұнай бұрқағы атты.

Қазыналы өңірдегі «Өзен», «Қаражанбас» кен орындарын тұңғыш ашушы, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерінің иегері Әділ Нұрманов – Бозашы түбегіндегі Қаламқас кен орнының ашылуына да зор үлес қосқан ардагерлердің бірі. Сол кезде «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресіне қарасты геологиялық іздестіру партиясында бас геолог қызметін атқарған ол арада 30 жылдай уақыт өткен соң, 2004 жылы өлкетанушы Отыншы Көшбайұлымен бірігіп, «Бозашы – Маңғыстаудың екінші тынысы» атты кітап жазып шықты. Бұл туындыда автор Өзен, Қаражанбас, Қаламқас, Жалғызтөбе, Арман кен орындарының қалай ашылғандығы жөнінде де барша жұртшылыққа түсінікті, өте қарапайым тілмен, қызықты етіп баяндайды. Біз сол кітаптың «Қаламқас» кен орнының қалай ашылғандығы хақында сыр шертетін жерлерінен үзінділерді оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

...Көлемі айта қаларлықтай аумақты – ұзындығы 60, ені 25-30 шақырымға жететін Солтүстік Бозашы төбелі дөңіндегі бұрғылау жұмыстарын тездету мақсатында басқа жерлерден көмек алуға тура келді. Ақтөбе облысындағы Ембі геологиялық іздестіру экспедициясынан екі бұрғылау қондырғысы бригадасымен алдырылды. Енді оған өзіміздегі үш бұрғылау қондырғысы қосылып, құрылымдық бұрғылау кең көлемде жүргізіле бастады.

Бұған қоса Шымкенттен келген «Тұрлан» және Атыраудан келген екі геофизикалық партия жұмыстарын Солтүстік Бозашы дөңінің геологиялық құрылысын зерттеуден бастады. Осы зерттеу нәтижесінде алаңдардың шөгінді тізбектері анықталды. Жалпы Бозашы дөңінің Қаражанбас, Солтүстік Бозашы сияқты өз алдарына бөлек-бөлек екі үлкен дөңнен тұратындығы анықталды. Сонымен қатар бұл дөңдердегі төменгі бор қабатында және оның астындағы юра шөгінділерінде мұнайлы қабаттардың сақталғаны белгілі болды. Әрі қарата жүргізілген зерттеу жұмыстары осы Солтүстік Бозашы дөңінің оңтүстік беткейінде

Жалғызтөбе, ал дөңнің солтүстік беткейіндегі Каспий жағалауында орасан аумақты Қаламқас құрылымының орналасқанын анықтады. Осы Қаламқас құрылымының терістік қанатында қазылған К-1 ұңғысынан 587 метр тереңдіктен 1976 жылы қаңтардың 30-да алғашқы газ фонтаны алынды.

Қаламқас құрылымының ұзындығы 20 шақырымдай болса, ені 5-6 шақырымға жетеді. Оның терістік беткейі түгелдей дерлік теңіз суының астында болды. Осы Қаламқас дөңінің батыс жағалауында өз алдына бөлек орналасқан Арман биіктігінің бар екендігі анықталып, онда мұнайлы қабаттардың сақталғандығы белгілі болды. Жаңа мұнай фонтанының ашылуы аймақта кең көлемде геофизикалық жұмыстардың жүргізілуіне мұрындық болды. Ал оның нәтижесінде ашылған жаңа құрылымдардың барлығы да зерттеліп, олардың бір-бірінен қашықтықтары, орналасу шекаралары да айқындала түсті...

...Алда өте қиын, бірақ қиын да болса тағы да тәуекелге баратын жұмыс күтіп тұрды. Каспий жағалауындағы Қаламқас дөңінің солтүстік қанаты мен оның солтүстік-батыстағы жалғасы теңіз суының астында жатқандығына байланысты ол учаскелердің геологиялық құрылыстары жете зерттелмеді. Бұл Қаламқас дөңіне тиянақты баға беруге кедергі келтірді. Сондықтан қалайда Қаламқас дөңінің теңіз суы астындағы өлшемдерін анықтау қажет болды. Ол үшін құрылымның белгіленген биік төбе тұсынан теңізге қарай тағы да 2-3 шақырымдай сұғынып БА-15Н қондырғысымен ұңғы қазуға тура келді. Бұл жұмысты тек қыс айларының аязды күндерінде ғана іске асыруға болады. Өзге уақыттарда ол жер жас сәбидің еңбегіндей былқылдап, езіліп жататыны кім-кімге болса да түсінікті. Сондықтан бұрғылау шебері А.И.Волочаевқа осы кезде Қаламқас дөңінің төбе тұсында құрастырылып жатқан №3 мұнарасынан тура терістікке, теңізге қарай 2-3 шақырым сұғынып барып қазуға тапсырма бердім.

Алексей Иванович пен учаскедегі геолог Байжан Құрманғазиев тапсырған жұмысты орындауға кірісті. 1976 жылы 21 қаңтар күнгі таңғы байланыста олар:

– Әділ Молдашұлы, К-1 ұңғысын сіз айтқан межеге жеткізе алатын емеспіз. Екі шақырымнан артық қашықтыққа жету мүмкін емес. Одан әрі тәуекел ету қауіпті, – деді.

Келісімді бердім. Сөйтіп, К-1 ұңғысы 1976 жылдың қаңтарынан бастап қазыла бастады.

Теңіз жағасындағы бұрғылау жұмыстарының ең қиыны сол – кей уақыттарда терістіктен соққан жел әсерінен мұнара көлкілдеген көк айдыңның ортасында қалады. Енді басқа-



басқа, мұнараның басына жетудің өзі мұң болады. Осындай қиын сәттерге қарамастан ұңғы қазу жұмысы бір сәт те тоқтаған жоқ. Қаңтар айының аяғына таман оның тереңдігі 560 метрден асты. 1976 жылдың 31 қаңтарында таңертеңгі сағат 10-дарда байланысқа шыққан Алексей Иванович өз жайын былай деп хабарлады: «Өткен түні түнгі сағат 11-лердің шамасында ұңғының тереңдігі 587 метрге жеткенде кенеттен шуылдап, гүрілдеген дыбыс шықты. Ұңғыдан ерітінді шапшып шығып, ыдыстардан асып төгіле бастады. Тәжірибелі бұрғышы тездетіп фонтанға қарсы қолданатын құрал – превенторды бұрғылау құбырына жалғап үлгерді. Қазір превентор арқылы жалғанған құбырдан едәуір қысыммен таза газ атып тұр. Газды факель жасап жағып қойдық», – деді ол.

Сөйтіп, Бозашы түбегіндегі үшінші үлкен кен орны – Қаламқас мұнайлы алаңы 1976 жылдың 30 қаңтарында ашылған еді. Өлкенің мұнай тарихында геологиялық іздестіру партиясы қазған К-1 құрылымдық ұңғысы Қаламқас кен орнын алғашқы ашушы ұңғы болып мәңгілікке жазылып қалды.

Осы жылдың ақпан, наурыз айларында қазылған құрылымдық іздестіру ұңғыларынан алынған керн де, каротаж материалдары да бұл алаңдағы бор және юра шөгінділерінде бірнеше мұнайлы қабаттардың бар екендігін анықтады. Көп кешікпей, осы жылдың 24 шілдесінде «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кешенді экспедициясына қарасты М.И.Кривцов басқаратын бұрғылау бригадасы №3 терең бұрғылау ұңғысынан 847-860 метр аралығындағы

юра шөгіндісінен тәулігіне 200 текше метр өнім беретін мұнай фонтанын ашты. Бұл бұрқақ алғашқы А.И.Волочаев алған газ фонтанын түпкілікті растап, Бозашы түбегінде мұнай мен газдың үшінші үлкен кен орны – Қаламқастың ашылғанын бүкіл елге жария етті. Тұрған жерлерін түгелдей сор алып жатқан, Бозашы аймағында ашылған осынау аса үлкен Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Қаламқас кен орындарын жүйелі зерттеп, оларға өндірістік баға беру керек болды. Кеңестер Одағындағы бұрынғы қалыптасқан жайлармен жүре беретін болса, бұл – кезең-кезеңмен атқарылатын, көптеген жылдарға созылатын жұмыс. Оның үстіне бұл алаңдағы мұнай мен газ қабаттары 300-900 метр аралығындағы тереңдікте орналасқан. Ал біздің экспедициядағы барлау-бұрғылау қондырғылары 5000 метр тереңдікке дейін қазуға арналған. Міне, осы орасан ауыр бұрғылау қондырғыларын сор батпақты аймақта орналасқан, тайызда жатқан мұнайлы алаңдарда пайдалану өте қиынға соқса, екіншіден, оларды бір орыннан екінші орынға көшіріп-қондыру мүмкін де емес еді. Бұл жағдай экспедицияның геолог барлаушыларын күтпеген қиын жағдайға әкеліп тіреді. Сондықтан бұрын-соңды кездеспеген, айта қаларлықтай тайыз – небәрі 300-900 метр тереңдіктен табылған мол мұнайды өте қысқа мерзім ішінде зерттеп, оған өндірістік баға беру үшін тың, жаңа әдіс керек болды.

(жалғасы келесі санда)

Первая сера на Эмбе

Лаура Сулейменова

На установке комплексной подготовки газа Прорвинской группы месторождений АО «Эмбаунайгаз» была получена первая партия серы. Сейчас установка «LOCAT» работает в штатном режиме, ежедневно производя до 6 тонн гранулированной товарной серы. А перед газовиками Эмбы стоят новые задачи.

– Особый вклад в реализацию этого проекта внесли специалисты Эмбы – начальник цеха подготовки газа и получения серы НГДУ «Жылоймұнайгаз» Аманжол Бектасов, заместитель начальника цеха подготовки газа и получения серы Жанболат Кисанов и ведущий инженер-технолог департамента по газовым

проектам аппарата управления Георгий Галко, – отметил управляющий директор по энергетическому обеспечению и газовому хозяйству ЭМГ Бауыржан Сейтказиев.

В целом по АО «Эмбаунайгаз» в 2018 году получено более 152 миллионов кубометров товарного газа, при этом реализовано более 100 миллионов кубометров. Завершено строительство газопроводов от п. Аккыстау до автоматизированной газораспределительной станции «Тущыкудук», и от УПГ С.Балгимбаева (НГДУ «Жайықмұнайгаз») до п.Туманное, что позволило реализовывать товарный газ населению в любое время года, независимо от сезонных колебаний. **MI**





Айгүл Ертілеу

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының «Қарсақ» кен орнында мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек ететін Айбек Тұрсынбек «Ембімұнайгаз» АҚ-на 2018 жыл сәтті және табысты болуы компанияның барлық қызметкерінің, соның ішінде, жас мамандарының біріккен және жүйелі еңбегінің арқасында мүмкін болғанын айтады.

– Компания үшін басты құндылық – жұмысшының қауіпсіздігі. Әр қызметкердің сапалы қызмет жасауына қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынып жатқандығының куәсі болып келеміз. Біз, жастар, соның куәсіміз. Компания үшін өткен жылдың маңызды оқиғасының бірі – кәсіпорынның алдағы 10 жылға қабылданған Даму тұжырымдамасы. Оның негізінде, компаниямыздың келешектегі даму жоспарлары мен оларды іске асыру жолдары белгіленіп, миссиямыз бен құндылықтарымыз анықталды. Компанияның құндылықтары ретінде қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау, белгілі нәтижеге қол жеткізу, туған жерге және компанияға ұқыптылықпен қарау, кәсіби шеберлік, сонымен қатар өзара сыйластық пен әріптестер арасындағы сенім сияқты қарапайым адами шындықтар қабылданған. Бұл жұмыстар, біздер, яғни, жастардың кемел келешегі үшін жасалып жатқан игі қадамдар екенін түсінуіміз керек, – дейді жас маман бізбен әңгімесінде.

Айта кетсек, бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5000-нан астам қызметкер еңбек етсе, оның 1000-нан астамын 35 жасқа дейінгі жас мамандар құрайды. Мұның өзі Компанияның ұрпақтар сабақтастығы және отандық мұнай-

Үздік жас маман

газ саласына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелеріне баса назар аударытынын аңғартады.

Бұл бағытта ЕМГ 2015 жылы «Дуалдық оқыту» бағдарламасын іске қосқанын айта кеткен жөн. Бағдарлама аясында қазіргі таңда 93 студент мұнай-газ ісі бойынша дайындықтан өтіп, 37 жас Компанияға жұмысқа орналасты. Айбек те – қорытынды тестілеу сынағынан сүрінбей өтіп, жоғары балл жинап, Компанияға жұмысқа орналасқан мамандардың бірі.

– 2016 жылы Атырау мұнай-газ институтында (қазіргі университет, – ред.) оқып жүргенімде «Ембімұнайгаз» компаниясының «Дуалды оқыту» бағдарламасы бойынша студент жастарға жасап жатқан үлкен қолдауы туралы естідім, – дейді А.Тұрсынбек. – Бағымды сынап көрдім. Бағдарлама талаптарына сай сынақтарды тапсырып, Ембіге жолдама алдым. Сөйтіп, «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Молдабек кен алаңында мұнайды дайындау және айдау цехында өндірістік тәжірибеден өтіп, 2017 жылы тұрақты жұмысқа орналастым. Барлық шығынды Компания өзі өтеді. Бізден үйренуден басқа ештеңе талап етілген жоқ. Осылайша, Ембі менің өмірімде үлкен мүмкіндіктерге жол ашты.

Өткен 2018 жыл Айбек үшін де табысты болғанын айтып өткен жөн. Ол Астана қаласында өткен еңбек форумында «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша «Еңбек жолы» байқауының жеңімпазы атанды.

Жас та болса алғыр маман байқаудың талаптарына сай барлық шарттарын орындап, қызметі бойынша шығармашылық жұмыстарын (презентация, бейнеролик) ұсынды. Нәтижесінде, облыстық кезеңнен оза шығып, республикалық кезеңге жолдама алды. Еліміздің 14 облысы мен Алматы, Астана қалаларының үздік мамандары қатысқан байқауда Айбек Атыраудың намысын абыроймен қорғап шықты. Үздіктер шығармашылық тапсырмалардың сапалығы мен электронды дауыс беру нәтижесімен анықталды.

Сонымен қатар, өткен жылы Компанияда өткен «Үздік маман» шеберлік байқауында да жеңіске жетіп, I орынды иеленді. Айбек бұл байқауларда бақ сынау оның кәсіби шеберлігінің, жұмысқа деген жауапкершілігінің одан әрі артуына үлкен септігін тигізгенін айтады.

Жоғарыда атап өтілгендей, Компания көптеген жастарға қолдау көрсетіп, жаңа белестерге жетуге жол ашуда. Айбек – соның бір мысалы ғана.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «2019 жылды – Жастар жылы» деп белгіледі. Осыған орай, Компанияның Жас мамандар кеңесі жылдық іс-шаралар жоспарын бекітті. Айта кетсек, биыл қазақ мұнайының бастауында тұрған «Қарашүңгіл» кен алаңына 120 жыл толады. Яғни, қазақ мұнайының тарихы үшін биыл айтулы жыл. Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешені қызметкерлерінің мерекесімен қатар тойланатын елеулі оқиғаға арналған шараларға Компанияның жас мамандары белсенді түрде атсалыспақ. **M**

«Быть частью программы «Цифровой Казахстан» – это честь и ответственность»

Бекжан Алимбаев, инженер 1 категории Отдела по моделированию месторождений ТОО «СП «Казгермунай». Окончил университет КазНТУ им. К.Сатпаева и университет Heriot-Watt (Эдинбург, Шотландия). Имеет степень магистра «нефтегазового дела». Является стипендиатом Международной программы Президента РК «Болашак». Активный член Совета молодых специалистов. В ТОО «СП «Казгермунай» работает с 2016 года.

Анна Тутенко

– В настоящее время я являюсь одним из кураторов проекта по внедрению проекта «Интеллектуальное месторождение» на месторождениях Акшабулак, Нуралы и Аксай. Запуск проекта состоялся в 2018 году. Он реализуется в рамках Государственной

программы «Цифровой Казахстан». Проект очень интересный и необходимый, ведь так как развитие интеллектуальных технологий позволяет увеличивать добычу нефти и минимизировать потери, выявлять аномалии и отклонения от рабочих диапазонов на ранних



этапах, улучшать качество контроля за разработкой скважин и месторождений, а также повышать эффективность управленческих решений.

Активное внедрение систем в рамках проекта было начато в 2017 году. За это время был телемеханизирован основной добывающий фонд скважин на месторождении Акшабулак, были внедрены централизованные системы контроля и управления технологическими объектами, в т.ч. замерными установками, введены в эксплуатацию три ситуационных центра управления: оперативный на месторождении, центр анализа и планирования добычи в офисе г. Кызылорда и центр службы безопасности.

Внедренные решения позволили уже сейчас сократить потери нефти от простоев, вести мониторинг работы скважин и производственных объектов в режиме реального времени, оперативно реагировать на их отклонения от заданного технологического режима. Внедрена система визуализации и поддержки принятия решений. Также разработана и внедрена база промысловых данных, которая позволила производить сбор, обработку цифровых данных, автоматизировать

рабочие процессы и минимизировать человеческий фактор. В частности, в настоящее время мы отходим от традиционного заполнения данных в «Excel» – основные производственные отчеты формируются автоматически.

Выполнение всех запланированных мероприятий по проекту «Интеллектуальное месторождение» планируется завершить до конца 2019 года. В этот период планируется телемеханизировать оставшийся добывающий фонд на месторождениях Нуралы и Аксай, а также продолжить работу по оптимизации бизнес-процессов для более оперативного и качественного принятия управленческих решений.

В целом, важно отметить, что это уже «второй стартовавший проект», реализуемый в группе компаний АО НК «КазМунайГаз». Есть достаточно оснований полагать, что он также даст хороший эффект, тем самым подтверждая планы руководства НК КМГ тиражировать проект «Интеллектуальное месторождение» далее на месторождения Узень, Каражанбас и группу Эмбинских месторождений. И мне очень приятно, что мне довелось стать участником такого интересного и масштабного проекта. **M**



Алғашқылар



«Кім жөнінде айтсақ та бәрібір емес пе? Жер бетіндегі әрбір жұмыр басты пенде жайында айтуға болады», – деп жазыпты орыс жазушысы Иван Бунин.

Біз әңгіме еткелі отырған сүйегі асыл көненің көзі 90 деген ауылға атын шалдырған Сағынбай Елеусінұлы Сариев 1929 жылы қаңтардың 1 жұлдызында Атырау облысы, Мақат ауданы, Мақат поселкесінде дүниеге келді. Анасынан 2 жасар кезінде айырылған ол, әкесінен 19 жасында көз жазып қалады. Мектепте бастауыш сынып оқытушысы болған әкесі 56 жасында фәниден бақи жалғанға аттанып кете барды. 1944 жылы Мақат орта мектебін тәмамдаған жас жігіт 1946 жылы 18-ге толған соң, еңбекке араласады. Еңбек жолын жас жігіт 1946 жылы Мақат мұнай кәсіпшілігінде сызушы (чертежник) болып бастайды. Одан соң замерщик, скважиналарды зерттеу операторы, зерттеу бригадасының бастығы болып жұмыс атқарады. 1953-1956 жылдары Мақат аудандық партия комитетінде инструктор болады. 1956-1960 жылдары Мақатмұнайгаз

Мағыналы ғұмыр иесі

кәсіпшілігінде кадр жөніндегі инспектор, 1961-1962 жылдары Сағыз кәсіпшілігінде инженер-экономист болып жұмыс істейді. 1959 жылы Мақат поселкесінде өткен бүкілхалықтық санақ жұмысына инструктор ретінде қатысады.

1968 жылы киелі де қасиетті мекен – Маңғыстауға көшіп келеді. Өзен кенорны білікті де білімді, тәртіпті де ұқыпты азаматты құшақ жая қарсы алады. Өзенмұнайгаз жүйесінде Сағынбай ақсақал мамандар бөлімінің бастығы, аға инженер, еңбек және еңбекақы бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін адал атқарып, ұжым құрметіне бөленеді. Телміріп алған

теңгеден, тер сіңірген тиынның жұғымды екенін бала кезден санасына сіңіріп өскен азамат адал жүріп, анық басты. Таза еңбек етіп, тер төкті. Әулеттің намысына сызат түсіретін әрекет-қарекеттерден аулақ жүрді. «Адам баласы адал тірліктен азық іздесе, әлем азбайды», – дейді ақылды қария. Осынау ұзақ ғұмырында «сен сөйттің» деп бетіне тіктеп қарамаған асыл жары, балаларының анасы Қаманы сағынышпен еске алған ол, жігіттің басына бақ жақсы әйелдің жолығуымен қонатынын айтады. Зайыбы екеуі ұлықты ұл, қылықты қыз тәрбиелеп, бақытты ғұмыр кешті.

Ақсақалдың қызы Нәйля «анам өте ақылды кісі болатын. Кітап оқып, батырлар жырын тыңдағанды жақсы көруші еді. Бухгалтер болып жұмыс жасады. Мен анамның мамандығын таңдап, бухгалтер болдым» – дейді.

«Сенің қандай адам екеніңді досыңа қарап айтып беремін» деген екен бір ғұлама. Мақала кейіпкері елмен бірге еңбек етіп, елмен бірге тыныстаған Бақытжан Қожаниязов, Аманжан Өтесінов, Құрақ Тілеуқұлов, Жанайдар Құлшанов (марқұм) сияқты жақсылар мен жайсаңдармен жолдас болды, сыйлас болды, табақтас болды.

Кітапқұмар азамат жас кезінде Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдарынан» бастап қазақ-орыс жазушыларының небір кітаптарын жастанып жүріп оқыды. Көзі ашық, көкірегі ояу ақсақал жасына қарамастан газет-журнал оқудан қол үзе қоймапты. Бүгінде ол «жүрегі барды тебірептеуі еш мүмкін емес» (Әбіш) қазақтың керемет күйлерін тыңдағанды ұнатады. Ғарифолла Құрманғалиевтің әндерін тыңдайды. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырған Сағынбай ақсақалдың өмірге өкпесі жоқ. Өміріне де, тағдырына да риза. Бүкіл саналы ғұмырын еліміздің гүлденуі жолына арнаған Сағынбай Сариев Қазақстан мұнайының 100 жылдығы, «Мақат» мұнайгаз кенорнының 90 жылдығы, «Доссор» мұнайгаз кенорнының 100 жылдығы, «Өзен» кенорнының 40 жылдығы, Жаңаөзен қаласының 40 жылдығы, Маңғыстау облысының 35 жылдығы, Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы, «Өзенмұнайгаз» АҚ 50 жылдығына орай естелік белгілермен

марапатталды. 2005 жылы еңбек ардагеріне Жаңаөзен қаласының құрметті азаматы атағы берілді. 1970 жылы «Ерен еңбегі мен Лениннің 100 жасқа толуына орай», 1981 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1985 жылы «Еңбек ардагері», 1995 жылы «ҰОС жеңісінің 50 жылдығы», 2010 жылы «ҰОС жеңісінің 65 жылдығы», 2015 жылы «ҰОС жеңісінің 70 жылдығы» медалдары табысталды.

Қазақ «төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Қарттың бүгілген беліне сүйеу болу, үлкенді сыйлап, құрметтеу – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Қазақта бата алу деген дәстүр бар. Батаны көпті көрген ақсақалдар береді. Бата алған жастар жамандық көрмейді. Тоқсанға келген Сағынбай ақсақал бізге «Ел іргесі тыныш болып, үй босағасы берекеге толсын!» – деп бата берді.

Елі мен Жерін шексіз сүйген асыл азаматты елі де шексіз сүйеді. Осы жасқа келгенше еліне қадір-қасиеті кемімей, мағыналы ғұмыр кешкен жанға қарап өскелең ұрпақ ойын да бойын да түзейді. **М**



«Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының көптен күткен аппарат әкімшілігінің ғимараты қолданысқа берілді. Салтанатты рәсімге «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев, ардагер-мұнайшылар Жауғашты Балабатыров, Аманжан Өтесінов және Ізберген Оспановтар қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

«Қазіргі таңда №1 МГӨБ әкімшілігінде 56 адам жұмыс істейді. 1100 мұнай және су ай-

дау скважиналары бар. Онда мыңға жуық мұнайшы еңбек етуде. Заманауи үлгіде



Жаңа ғимарат қолданысқа берілді

салынған ғимарат өте кең, жұмыс істеуге ыңғайлы. Ғимараттың артықшылығы – оның санитарлық жүйесі толықтай ішінде орналасқан. Ғимарат жанында жаңа футбол алаңы мен 50 метр жерде №1 МГӨБ қызметкерлері мен мұнайшыларына арналған асхана бар. Осының бәрі әріптестеріміздің алдағы күндері өнімді еңбек етулеріне септігін тигізетіні сөзсіз!», – деді басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғанов.

Ғимарат лентасын «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Жақып Марабаев пен ардагер-мұнайшы Жауғашты Балабатыров қиды. Ғимараттың символикалық кілтін «СМК-Атамекен» мердігер компаниясының директоры Серік Байжанов басқарма директоры Қанағат Мыңтұрғановқа тапсырды. Салтанатты рәсім әдемі әуен мен шашуға ұласты. **М**

ПНХЗ: конференция для механиков и машинистов

21 февраля 2019 года Павлодарский нефтехимический завод провел на базе своего предприятия семинар-конференцию «Новейшие достижения в области оборудования для транспортировки газов и жидкостей» для механиков и машинистов, задействованных в нефтегазовой отрасли.

Анна Гронская

Современные подходы к производству и его экономической целесообразности требуют увеличения межремонтного пробега оборудования, снижения до нуля его простоев, использования современных устройств и средств контроля за состоянием аппаратов, новых методов их обслуживания, обеспечения надежности и безопасности их эксплуатации.

Организованное заводом мероприятие преследовало целью повысить осведомленность специалистов Павлодарского нефтехимического завода – механиков, машинистов компрессорных установок, машинистов технологических насосов, сотрудников партнерских и сервисных организаций в этой области, продемонстрировать передовые разработки отечественных, российских и



европейских предприятий, применяемые при производстве и эксплуатации насосно-компрессорного оборудования. При этом мероприятие стало ценным информационным ресурсом для всех, кто интересуется современной организацией технического обслуживания и ремонтов, разработками и внедрением нового высоконадежного оборудования, применением новых материалов.

На ПНХЗ собралось более 130 заинтересованных участников: сотрудники ПНХЗ, представители компаний, предлагающих свое оборудование и разработки в этой сфере, преподаватели профильных учебных заведений.

Спикерами мероприятия стали ученые, технические специалисты – ведущие инженеры и технологи, руководители компаний-поставщиков и производителей технологического оборудования для нефтегазовой промышленности. При выборе докладчиков организаторы сделали акцент на приглашении компаний, имеющих собственные научно-производственные и производственно-технические базы, ноу-хау, патенты, обширную географию сервисных центров, клиентов по всему

миру и надежных партнеров, владеющих широкой сетью представительств по всему миру.

Своими знаниями и наработками поделились разработчики, производители и поставщики гидравлических, пневматических, электромеханических систем и компонентов из Казахстана (Уральск, Алматы), России (Волгограда, Пензы, Казани, Москвы, Нижнего Новгорода) и Литвы (Вильнюс). Все они – представители крупнейших отечественных, российских, европейских и американских концернов, лидеры в своей отрасли.

Формат мероприятия носил не только теоретический характер, но и практическую направленность: спикеры предложили собравшимся прикладные решения сложных технических задач и привели конкретные примеры проектов, уже реализованных на предприятиях нефтегазового комплекса. Кроме того, участники встречи имели возможность задать выступающим любые вопросы по интересующей их тематике и обсудить в неформальной обстановке технические параметры представленного оборудования. М

Профессионал и наставник

Алтыnguль Мендихан

Специалисты высокого класса. Это люди, которых уважают и ценят. Главный механик – начальник службы главного механика Актюбинского нефтепроводного управления АО «КазТрансОйл» Таскинбаев Досан Мекешевич – один из тех, кто по праву может так называться. В системе АО «КазТрансОйл» он работает с 2003-го года. Начинал менеджером-механиком ЛПДС «Мунайтас». Затем трудился главным механиком аппарата управления и по сей день успешно руководит работой службы главного механика. За годы плодотворной деятельности он внес большой вклад в развитие трубопроводной системы КТО. Можно назвать несколько крупных проектов, в которых принимал участие Досан Таскинбаев. Это – реконструкция 1 и 2 очередей ГНПС «Кенкияк», эксплуатация нефтепроводов «Кенкияк-Атырау», «Кенкияк-Кумколь» и «Жанажол-Кенкияк». Список успешных проектов, в которых принимал участие Досан Мекешевич, можно продолжить, и на каждом порученном ему участке работы главный механик АктюНУ проявлял большую ответственность, профессионализм, не считался с личным временем.

Базой послужили хорошее высшее образование, полученное в Казанском химико-технологическом институте, личные качества и, конечно же, большой опыт. Должность глав-

ного механика – сложная и ответственная. Здесь необходимы знания, особые качества характера, способность сохранять концентрацию. В зоне ответственности – контроль над работой технологического оборудования и автотранспортных средств, ответственность за специалистов, занятых в этом секторе производства.

– Свою трудовую деятельность я начинал в городе Жанаозен, – говорит Досан Таскинбаев. – Работал токарем, затем слесарем – монтажником в объединении «Мангышлак нефть», прошел путь от механика цеха до начальника компрессорного цеха в КазГПЗ, АО «Озенмунайгаз», затем был приглашен на должность главного инженера Актюбинского филиала ЗАО «КазТрансГаз». И вот уже более 16 лет работаю в компании «КазТрансОйл», которая дала мне возможность проявить себя во многих важных для нефтетранспортной отрасли проектах, за что я своей компании очень благодарен. Уверен, в нашей работе самое главное – трудолюбие и ответственность. Я старался привить эти качества работникам, пришедшим на смену старшему поколению. Молодежи нужно неустанно совершенствоваться, не бояться искать новые пути решения задач.

В январе нынешнего года коллектив Актюбинского нефтепроводного управления провожает Досана Мекешевича на заслу-



женный отдых. За все эти годы он не только своим мастерством, но и человеческими качествами заслужил большой авторитет и уважение своих коллег. Досан-аға – настоящий наставник, он тот, кто всегда готов прийти на помощь, поделиться знаниями. К слову, безупречная работа не осталась без внимания. В 2016 году за свой труд он был

награжден памятным нагрудным знаком АО НК «КазМунайГаз».

Добрый семьянин, отец семейства, он сегодня вместе с супругой воспитывает сыновей и внуков, которые растут им на радость. И несомненно, что Досан Таскинбаев всегда будет образцом для подражания. Ведь он – настоящий профессионал своего дела. М

Стратегический курс на Запад

Первые шаги

Казахстан, находящийся внутри континента, и являющийся одной из самых быстро развивающихся экономик в регионе Центральной Азии, сегодня по праву считается крупнейшим морским узлом Евразии. Наша страна имеет сегодня особое значение в системе транспортных связей европейских и азиатских государств.

Фундамент этому был заложен 20 лет назад – с момента создания 4 декабря 1998 года Постановлением Правительства Республики Казахстан Национальной морской судоходной компании «Казмортрансфлот». Это был стратегическое решение нашего государства, направленное на дальнейшее развитие экономики Казахстана с использованием сектора морских перевозок.

Сегодня компания «Казмортрансфлот» имеет статус национального морского перевозчика. Компания является одним из лидеров по транспортировке морских грузов, располагает современными судами, выходом на Каспийское, Черное и Средиземное моря. Это славная история успеха сплоченной команды единомышленников, внесших весомый вклад в становление, развитие и процветание компании, в дело создания казахстанского флота.

Становление компании «Казмортрансфлот» было непростым. Компании пришлось практически с нуля создавать торговый флот: строить суда и порты, заключать сделки, входить в амбициозные проекты, а главное – быстрыми темпами осваивать Каспийский бассейн.

«Казмортрансфлот» с первых дней своего основания уверенно и энергично приступил к реализации небывалого стратегического проекта – созданию национального флота Республики Казахстан. Коллектив был буквально окрылен, люди осознавали себя пионерами, первопроходцами, которым государство доверило выполнение важной задачи.

Годы интенсивного развития торгового флота

Начавшееся интенсивное освоение Каспийского шельфа предопределило начало ускоренного формирования национального танкерного, сухогрузного и вспомогательного флота, а также ввода в эксплуатацию объектов морской инфраструктуры для осуществления операций в акватории Каспия. В результате переговоров с российско-британской компанией «BarenShipping» КМТФ получил в тайм-чартер

8 танкеров класса «река-море» дедевейтом 5 тыс. тонн. В результате в 2001 году, впервые в истории Казахстана, было начато оперирование арендованным флотом на маршрутах «Актау – Махачкала» и «Актау – Баку». Это было колоссальным достижением! После пере-

говоров в 2002 году с Ираном по своп-операциям, «Казмортрансфлотом» была налажена транспортировка отечественного углеводородного сырья по маршруту «Актау – Нека». И суда под флагом Казахстана с 2003 года начали транспортировать нефть и в Иран.

Для поддержки морских операций на этапе формирования флота компанией в Болгарии был приобретен первый магистральный буксир КМТФ-1, который прибыл в порт приписки Актау в октябре 2003 года. В целях увеличения пропускной способности нефтеналивных причалов порта Актау до 8-10 миллионов тонн нефти в год, с начала 2003 года компания приступила к реконструкции и модернизации нефтеналивных причалов №4 и №5 в порту Актау. В 2003-2004 годах приступили к проектированию собственных танкеров. Адаптируя их к условиям небольших глубин Каспия. В тот же период началось строительство барж для транспортировки каменной породы, используемых при работах по отсыпке искусственных островов на Кашагане.

В мае 2005 года в порт приписки Актау прибыл первый отечественный нефтеналивной танкер «Астана». Глава государства на торжественной церемонии приема судна отметил, что с приходом первого отечественного танкера открывается новое мощное направление транспортировки нефти через Каспий и Баку с присоединением к трубопроводу «Баку-Тбилиси-Джейхан».

В 2006 году был сдан в эксплуатацию танкер «Актау», через три года в порт приписки Актау пришел танкер «Атырау». Уже на следующий год были приняты в эксплуатацию танкеры «Актобе» и «Орал». В этот же период в порт приписки Актау прибыли магистральные буксиры «Тобол» и «Есил», предназначенные для работы в казахстанском секторе Каспийского моря; сданы в эксплуатацию баржи-площадки «КМГ-105», «КМГ-106», «КМГ-107», «КМГ-108», грузоподъемностью 3600 тонн каждая. А также прибыли магистральные буксиры «Иртыш», «МБ Урал».

В апреле 2011 года в компании произошло важное и знаковое для КМТФ событие. Постановлением Правительства Республики Казахстан ТОО «НМСК «Казмортрансфлот» был присвоен статус Национального морского перевозчика Республики Казахстан, утверждено его положение и основные направления деятельности.

За годы работы в НМСК «Казмортрансфлот» была создана мощная материальная база. На сегодняшний день флот компании располагает 26 судами, в том числе 8 танкерами, шесть из которых – на Каспии, и два – на Черном море, а также 3 специализированными многофункциональными судами. Фонд поддержки морских операций составляет 8 барж-площадок и 7 буксиров.



Семь футов под килем

«Казмортрансфлот» сегодня – интегрированная судоходная компания, предоставляющая услуги по транспортировке нефти, перевозке сухих грузов, сервисные услуги флота по поддержке морских операций в рамках обслуживания морских нефтепромыслов, активно поддерживающая развитие судостроительной и судоремонтной инфраструктуры в Казахстане. Транспортировка нефтеналивных грузов в Каспийском море – важное направление деятельности компании, являющееся одним из основных элементов экономической и энергетической безопасности Казахстана, а также инструментом интеграции государства в глобальную экономику. За 20 лет работы «Казмортрансфлотом» было транспортировано более 70 млн. тонн нефти. Основными грузоотправителями компании являются BelvionGroupLTD, ТОО «Тенгизшевройл», Euro-AsianOil, БатысНефтеТрейд.

Компанией продолжает развиваться услуги по транспортировке нефти в открытых морях. С 2008 года – с момента выхода «Казмортрансфлота» на рынок транспортировки в открытых морях – было транспортировано более 32 млн. тонн нефти.

Стратегия «Казмортрансфлота» в секторе транспортировки нефтеналивных грузов в открытых морях направлена на укрепление позиций национального морского перевозчика в трансчерноморском регионе, последовательного роста участия компании в общем объеме транспортировки казахстанских

нефтеналивных грузов в открытых морях посредством наращивания собственного крупнотоннажного флота, обеспечения безопасных, надежных и экономически эффективных услуг, получения дополнительного дохода от транспортировки казахстанского углеводородного сырья на экспорт.

Многоплановая деятельность компании еще раз подтверждает верность выбранного стратегического курса, который направлен на построение современной судоходной компании, обеспечивающей присутствие отечественного торгового флота в Каспийском море и в открытых морях, способной добиваться поставленных целей в конкурентной среде международных морских торговых перевозок, а также на рынке сервисных морских операций. Как итог, доходы ТОО «НМСК «Казмортрансфлот» за годы деятельности суммарно составили 272 604 млн. тенге, более 6 млн. тенге корпоративного подоходного налога было перечислено в бюджет. И это несмотря на наличие неблагоприятных тенденций в экономике.

Стратегия развития «Казмортрансфлота» до 2022 года

«Казмортрансфлотом» реализована основная цель: создан мощный, конкурентоспособный отечественный торговый флот. К этому компания стремилась 20 лет, в течение всей своей истории. Достигнуты определенные цели, и намечены перспективные направления развития. Уверенность коллектива КМТФ в будущих успехах и достижениях подкреплена наличием собственной инфраструктуры, включающей в это порт Актау на Каспии, порт Батуми на Черном море, нефтяной терминал в порту Мидия и нефтеперерабатывающий завод в Румынии, принадлежащий АО НК «КазМунайГаз». По итогам 2017 года доля «Казмортрансфлота» на рынке перевозок из порта Актау составила 70%, в акваториях Черного и Средиземного морей казахстанскими судами перевезено 5 млн. тонн нефти. И это далеко не предел возможностей, поскольку к 2022 году запасы нефти в стране обещают увеличиться до 1,4 млрд. тонн, объем добычи – до 35,4 млн. тонн в год. Интенсивное развитие компании продолжается. НМСК «Казмортрансфлот» принадлежит крупнейший, а также самый современный в Республике Казахстан флот – танкерные, буксирные суда, суда для перевозки крупногабаритных грузов и баржи различного назначения. **NI**





Ерлік ешқашан ұмытылмайды

Ауған соғысының өрті сөнгеніне ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, 9 жыл 10 айға созылған соғыс салған жара әлі де жазылар емес. Ресми деректерге сүйенсек, елімізден соғысқа 22 мың отандасымыз аттанса, оның 800-ге жуығы құрбан болды. 1989 жылдың 15 ақпан күні Кеңес Одағының әскері Ауған жерінен толықтай шығарылды. Міне, содан бері тура ширек ғасыр өтіпті. Осы күнге орай «ҚазМұнайГаз» мекемелерінде салтанатты жиындар өтті.

«Ембімұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен компанияның бас кеңсесінде интернационалист-жауынгерлермен кездесу өтті.

Атырау жерінен Ауған соғысына 680 жауынгер аттанып, 14-і соғыс майданында қаза болды. Біреуі хабар-ошарсыз кетті. Сол кезде жастары небары 18-19 болса да, Отан алдындағы борышын өтер алдында берген антына адалдық танытқан қайсар азаматтар қатарында ембіліктер де бар. Шара майдан даласында қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алудан басталды.

Кездесу шарасының кіріспе сөзінде Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Айболат Ғабдуллин қонақтарға қош келдіңіздер деп айта отырып, шараның көздеген мақсатына жан-жақты тоқталып өтті.

Қазіргі таңда Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелеріне қарасты басқармаларда Ауған соғысына қатысқан 15 жауынгер еңбек етеді. Ал, үш жауынгер

Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да Кенбай мұнайгаз өндіру цехының слесарь-жөндеушісі қызметін атқарған Ерлан Мирғалиев 2015 жылдың жаз айында өмірден озған. Шараға оның ұлы Амандық Мирғалиев арнайы шақырылды.

Кездесу барысында ембілік жас мамандар майдангер ағаларына сұрақтарын қойып, сол сұрапыл оқиғаның бел ортасында болып, аман-есен елге оралған азаматтар өз естеліктерін айтты. Олардың естеліктерінен күні бүгінге дейін сол соғыс салған дертті ұмыта алмай жүргендері анық байқалды. Өйткені, олар өліммен тікелей кездесті. Оққа ұшып, жат жерде мерт болған талай майдандас достарын ақтық сапарына шығарып салды. Осы кездесуде ерлікпен қаза тапқандардың есімдерін, ерліктерін еске алып, кейінгі ұрпаққа жеткізді.

Сондай-ақ шараға құрметті қонақ ретінде «Ауған соғысындағы атыраулық жауынгерлер



шежіресі» кітабын құрастырушы, филология ғылымдарының кандидаты Айгүл Еркемова қатысты.

Осы кітапты шығару үшін 3 жылдай уақыт бойы облысымыздың әр ауылын аралап, әр жауынгердің үйіне барды. Тілдесіп, мәлімет жинады. Нәтижесінде, сапалы кітап шықты. Ол кездесу барысында қолда бар деректерін, зерттеулерін таныстырды.

Жиын соңында жас мамандар Ауған жауынгерлеріне сый-сияпаттар мен гүл шоқтарын ұсынды.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-де қызмет атқарып жүрген Ауған соғысының ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Қан майданда жүріп Отан алдындағы борышын өтеп келген азаматтар: Наурыз Мұханбедиұлы Махамбетов, Сақыпқали Әбденұлы Кенжебаев, Бердіғали Өтеуліұлы Сүгіров кездесуге шақырылды. Жиынға Серіктестік басшылығы, ОТК ЖШС «Қызметкерлердің жергілікті кәсіподағы» ҚБ төрағасы және бөлім басшылары қатысты.

Кездесуде сөз алған «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС директорының қызметкерлерді басқару, еңбекақы төлеу және әлеуметтік саясат жөніндегі орынбасары Нұрлан Құрмашев батырларымыздың жиын қонағы болғанына алғысын білдіріп, ардагерлердің батылдық және қаһармандық көрсете білгенін, қоғамдық өмірге де белсене араласатындығын алға тартты. «Қызметкерлердің жергілікті кәсіподағы» төрағасы Марат Темірқасов еңбектеріне алғысын айтып, жылы лебізін білдірді.

Шара барысында батырларымыз басынан өткен оқиғаларын еске түсіріп, алғаш Ауған жеріне барғандарын айтып берді.

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС басшылығы соғыс ардагерлерін осындай атаулы мерекемен құттықтап, арнайы сыйлықтар табыстады.

Жаңаөзен қалалық Ардагерлер үйінде Ауған жерінен Кеңес армиясының шығарылғанына 30 жыл толуына орай миллиард ойынынан біріншілік жарыс ұйымдастырылды. Шараға Маңғыстау облыстық Қазақстан коммунистік халықтың партиясы басшысы Роза Махамбетова қолдау көрсетті. Тартысты бәсеке соңында 1-ші орынды «Өзенмұнайгаз» АҚ зейнеткері Түркеш Досжанов, 2-ші орынды «Бұрғылау» мекемесінің зейнеткері Жәңгірхан Бопылов, ал «Өзенмұнайгаз» АҚ зейнеткері Асан Бекбатыров 3-ші орынды иеленді.

Роза Махамбетова жүлдегерлерді бағалы сыйлықтармен марапаттап, оларға зор денсаулық, ұзақ өмір тіледі. Жастарға тәлім-тәрбие беретін сөздеріңізбен, өнегелі еңбек жолыңызбен үлгі болып, спортпен айналыса беріңіз деп құттықтау сөзін айтты. Осы турнирді ұйымдастырған Ардагерлер ұйымы да марапаттау назарынан тыс қалған жоқ.

Жаңаөзен қалалық Ардагерлер үйі зейнеткерлердің, ардагерлердің екінші үйіне айналған. Бос уақыттарын осы жерде өткізеді. Үзеңгілес, бірге жұмыс жасаған дос-жолдастарымен өткен күндерін еске түсіріп, газет-журнал оқуға, шахмат-шашкі ойнауға барлық мүмкіншілік бар екенін біледі. Мерекелік күндері қаладағы мектеп оқушыларымен кездесу өткізіп, олардың концерттерін тамашалау дәстүрге айналған. **NI**



КЕРІ БАЙЛАНЫС

Құрметті әріптестер!

«Munaily meken» корпоративтік газетінің редакциясы **«Сұрақ-жауап»** айдарын ашып отыр. Осы айдар арқылы қызметкерлер «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы басшылығына **mm@kmg.kz** электрондық мекенжайына хат жолдай отырып, өз сұрағын қоя алады. Ең қызықты сұрақтардың жауаптары «Munaily meken» газетінің әр санында жарияланып тұрады. Кері байланыс қызметін пайдаланыңыз!

ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

Уважаемые коллеги!

Редакция корпоративной газеты «Munaily meken» открывает рубрику **«Вопрос-ответ»**. Благодаря этой рубрике сотрудники смогут задать свои вопросы руководству Национальной компании «КазМунайГаз», направив письмо на электронный адрес **mm@kmg.kz**. Ответы на самые интересные вопросы будут публиковаться в каждом номере «Munaily meken». Пишите и получайте ответы!

МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:

Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz
Елдос Өмірзақұлы – Ye.Umirzakov@kmg.kz
Шархан Қазығұл – Sh.Kazagulov@kmg.kz
Рэмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: **+7 (7172) 78 91 49**

e-mail: **mm@kmg.kz**

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79